

Нұрбек САҒАТҰЛЫ.

“ҚАЗГЕРМҰНАЙ”: ТЫНЫМСЫЗ



Көпшілікке мәлім, Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев “100 нақты қадам” атты Ұлттық жоспарда еліміздегі қол жеткен табыстарды баянды ету үшін бес институционалдық реформаны жүзеге асыру қажеттігін атап көрсеткен болатын. Іс жүзінде осы 100 қадамның тең жарымы елімізде жүргізіліп жатқан индустрияландыру және экономикалық өсімді қамтамасыз ету бағдарламаларымен сабақтас болып табылады. Әрине, көптеген өндірістердің өсімін қамтамасыз ету, медицина, білім беру, қаржы саласын, күрделі құрылыстың қарқынын жаңа тұрпатта қалыптастыру айтуға оңай шаралардың қатарына жатады. Көптеген мәселелерді тыңнан бастауға тура келеді. Өткеннің қателіктерінен сабақ алу мәселенің негізгі түйіні болып табылады.

Еліміздегі көптеген компаниялар мемлекеттің осынау ауқымды міндеттерін орындауға кірісіп кетті. Бұл орайда алғашқы түрен салған компаниялардың қатарында мұнай саласындағы ірі ұжымдар бар. Біз бұл тұрғыда Қызылорда өңірі ғана емес, Қазақстанда белгілі компания “ҚазГерМұнай” ЖШС біріккен кәсіпорнын атар едік. Ол алғашқы күннен бастап үздіктер қатарына ұмтылуға талпынды. Ол әлбетте нәтижесіз болған жоқ. Тіпті, компанияның сайтында жазылған міндеттердің ішінде оның амбициялық көзқарастары барынша айшықты көрсетіліп отыр. “ҚазГерМұнай” ТМД елдерінің қатарындағы мұнай-газ өндіретін тиімді өндіріс ошақтарының

ішінде алғашқы жиырманың қатарына енеді. Бұл Халықаралық аналитикалық агенттіктің талдау жүргізген жұмысы нәтижесінде айқындалып отыр. Рейтинг жұмыстары әдетте халықаралық стандарттар жүргізетін талаптарға сүйенеді. Олар нақты жоспарға, алдағы уақыттың ұзақмерзімді тұрақты жетістіктеріне негізделген.

Президенттің “100 нақты қадам” жоспары өмірдің өзінен алынған бағдарлама. Бұл бағдарлама жемісті жұмыс істейтін “ҚазГерМұнай” секілді компанияның күнделікті тыныс-тіршілігіне негіз ала отырып, қабылданды. Көптеген үлкен шаралар осы кәсіпорынның жұмыс тәжірибесінде сыннан өткізіліп, жақсы нәтижеге

жеткізді. Өңгіміміздің басындағы Президент бағдарламасына келетін болсақ, қазіргі таңда ескі технологиядан арылып, жаңа жүйеге көшу табысқа бастаудың басты кепілі болып отыр. Айналып келгенде, бұл елдің келешегі, оның табыс көлемінің өсуінің кепілі болып табылады.

Көптеген кәсіпорындарда құрылыс жүргізудің кеңес жүйесінен келе жатқан ескі нормалары мен ережелері пайдаланылады. Президенттің жоспары бойынша енді біз жаңа еуропалық әдістемелерге көшуіміз керек. Бұл жаңалықтарды өндіріске енгізіп қоймай, инновациялық технологиялар мен материалдарды пайдалануды талап етеді. Осының негізінде құрылыс қызмет көрсету рыногында қазақстандық мамандардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл әлбетте “ҚазГерМұнайдың” қолынан келетін шаруа, себебі мұнда тәжірибе жинақтаған білікті кадрлар бар.

Компания өзінің алғашқы құрылған кезеңнен бастап “Ақшабулақ” кенішін өндірістің дамып өркендеуіне, оларда адамдарға қажетті жағдайдың жасалуына барынша мән берді. Қазірдің өзінде өндірісте инновациялық технологиялар мен материалдар пайдаланылады. Ал құрылыс негізінен германиялық стандарттар бойынша жүргізіліп келеді. Осы жерде атап өту маңызды, Германия негізінен халықаралық еврокодтарды пайдалану бойынша алғашқы бастамашылардың қатарында болған еді. Сондықтан олар үшін құрылыс жүргізудің еуропалық жүйесі таңсық емес. “ҚазГерМұнайдың” көптеген мердігерлері еуропалық стандарттарға көше отырып,

өздерінің бәсекеге қабілеттілігін арттырды. Құрылыс саласында олар шын мәнінде абырой биігіне көтерілді. Осының барлығы компания жобаларын жүзеге асырудағы тынымсыз еңбектің жемісі болып табылады. Бір таңғаларлығы, “ҚазГерМұнайдың” мердігерлері қазақстандық әріптестерімен ғана емес, шетелдік әріптестерімен қазақстандық құрылыс қызметі нарығында бәсекеге түсуге қабілетті болып отыр. Демек, олар сөз жоқ халықаралық нарыққа шығуға қабілетті мердігерлердің қатарына қосылады.

Мемлекеттік жоспардың 48-ші қадамына келейік. Жоспардың бұл сатысында құрылыстың сметалық құнының ресурстық әдісін енгізу жөнінде айтылады. Бұл шын мәніне келгенде құрылыс нысандарының сметалық құнын анықтағанда материалдардың, жабдықтардың, бұйымдардың және жалақы қорының нақты нарықтық құнына байланысты баға белгілеу мақсатын көздейді. Бұл шын мәнінде компанияның тәжірибелік іс барысында тексеріліп айқындалған идея, сондықтан егер бұл нақты қадамды Қазақстанның күллі аймағында жүзеге асыратын болсақ, құрылыс саласының қарқынды өсімін қамтамасыз етуге болады. Айналып келгенде, құрылыс қарқынының өсімі елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының кепілі болып табылады.

“100 нақты қадам” жоспарында қазіргі заманғы мемлекетті дамыту жөніндегі қағидаларға мұнай-газ саласы туралы іс жүзінде ештеңе айтылмайды. Бірақ келісім-шарттарды жасаудың оңайтылған әдісін

халықаралық жүйелерге және стандарттарға сүйене отырып жасау, пайдалы қазба байлықтардың қорлары жөніндегі есептер, айналып келгенде, ел дамуының басты бағыттарымен ұштасып жатқанын айқын байқауға болады. Ал осының бәрі іс жүзінде Қазақстандағы игі істермен, сонымен бірге “ҚазГерМұнай” компаниясы қолға алған игі мақсаттармен жүзеге асырылатын болады. Сабақтастықтың тағы бір дәйекті байланысы бар. “ҚазГерМұнай” сияқты компаниялар өзінің өмірге келген уақытынан бастап әртүрлі елдегі әріптестермен тығыз ынтымақтастықпен жұмыс істеуде. Бұл орайда ұзақ жылдар бойы бағалы тәжірибе жинақталған, ал бұның өзі өндірістік қажеттіліктен туындап отырғанын басты мәселе ретінде атап өткіміз келеді. Әрине, барлық жұмыстарда бір ғана мұнай және газ өндіру, өңдеу тіршілігімен байланыстыруға болмайды. Әлемдегі осы тектес кәсіпорындар үшін пайдаланатын басқа да ізгі бастамалар және тәжірибелер бар.

Мысалы, мына қарапайым мәселені алайық. Кәсіпшілікте кәсіпкерлердің тамақтануы қалай ұйымдастырылған? Ерте кезеңнен бері жалпы алғанда кәсіпшілікте мұнайшыларды тамақтандыру жақсы жолға қойылғанын атап өткіміз келеді. Біз бұның жақсы, көрнекті, үлгілі көрінісін жұмыс барысында талай байқадық. «Ақшабулақ» кенішіне сапар барысымен келген сайын үлгілі істердің үстінен түсетін болдық. Осыдан 10 жыл бұрын кенішке келген біз тамақтанудың сервистік, тіпті қазіргі үлгімен салыстырғанда мейрамханалық үлгісін көргенде аса таңданушы едік. Тамақтардың сапасын, оның әртүрлілігін, қызмет көрсету мәдениетін айтынызшы бәрінен де. Қазіргі кезде мейрамхана секілді. Ал бұл сайып келгенде, үлкен ізденістің жемісі, компания қажет десенді, тиісті шығындарға да барды. Кей кездері шетелден, анығын айтқанда, Франциядан бас аспазшыны алдырғанын білеміз. Сыр өңірінің дала қосына ол вахталық әдіспен Франциядан ұшып келіп қызмет көрсеткені де шындық. Естуімізше, француз әлдеқашан еліне оралған көрінеді. Бірақ ол сонынан сервистік қызмет көрсетудің керемет үлгісін қалдырды. Жергілікті мамандар шетелдіктердің тәжірибесін үйренді, меңгерді. Қазірдің өзінде жинақталған мол тәжірибе көрсетіп отырғандай жергілікті мамандардың аспаздық қызметі шетелдік әріптестерден ешқандай кем түспейді. Демек, өндірістік жұмыстың қарқынын өрістетуге, жаңа биіктерге көтерілу үшін жұмсалған қаржы қайтарымын берді деген сөз.

Озық тәжірибенің үлгілі істері жан-жаққа таратылды. Басты компанияның тамақтандыру тәжірибесін мердігерлер де жақсы пайдаланды. Олардың барлығында швед асханалары пайда болды. Кез келген тағамның түрлері кең ассортиментпен, сапалы, дәмді жасалады. Осының барлығы айналып келгенде, кәсіпшілікте тамақтандырудың халықаралық стандарттарын енгізудің озық тәжірибесі болып табылады.

2012 жылы компания тағы да бір әлеуметтік жобаны іске қосты. Серіктестіктің қаржылық қолдауымен



ТАБЫСТАР МЕН МАРАПАТТАР

“ҚазГерМұнай” компаниясы ұзақ жылдар бойы өңірде жемісті қызмет жасағаны үшін көптеген марапаттарға ие болды. Ол уақыттың шақыруларына жауап бере отырып, күн сайын өздерінің кәсіби шеберліктерін жаңа деңгейге көтере түсуде. Соңғы жылдары компания қауіпсіздік, еңбек қорғау және қоршаған ортаны қорғау саласында көптеген жетістіктерге жетіп, республикалық беделді сыйлықтардың лауреаты атанды.

2011 жылы компания ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Бақылау және әлеуметтік қорғау комитетінің “Жылдың ең қауіпсіз үздік кәсіпорны” атағын жеңіп алды. Сөйтіп республикалық конкурстың еңбек қорғау жөніндегі “Сенім” конкурсының құрметті дипломымен марапатталды.

2012 жылы республикалық “Парыз” конкурсының “Экологияға үлесі үшін” номинациясы бойынша жеңімпаз атанды. Бұл марапат Қызылорда кәсіпорындарының бүкіл тарихтағы тұңғыш жетістігі еді. Бұл жетістікке компания экологиялық жобаларды – өндірістің кезінде сыртқа шығарылатын лас заттардың көлемін азайтқаны үшін қол жеткізді.

Компания 2010 және 2011 жылдары “Ең үздік әлеуметтік жауапкершілігі бар кәсіпорын”, “Ең үздік ұжымдық шарт” номинациялары бойынша жеңімпаз атанды. Сонымен бірге 2013 жылы компания THE BIZZ-2013 бизнес марапатына ие болды.

2014 жылы да “ҚазГерМұнай” едәуір табыстарға жетті. Осының нәтижесінде бірқатар марапаттармен аталып өтілді. Ол ең үздік әлеуметтік жауапкершілігі бар кәсіпорын ретінде Мемлекет басшысының тағайындаған “Парыз” сыйлығының гран-приін жеңіп алды. Бұл конкурстың мақсаты жеке кәсіпкерлік нысандарды әлеуметтік мәселелер бойынша ынталандыру болатын. Сөйтіп Медет Кәрім Мемлекет басшысының қолынан көптеген субелі сыйлықтарды алды. Бұл Сыр өңіріндегі үлкен жетістіктерге жетіп жүрген компанияның тынымсыз еңбегіне берілген лайықты баға болатын.

ЕҢБЕКТІҢ ЛАЙЫҚТЫ БАҒАСЫ

“Ардагер-мұнайшы” деп аталатын қоғамдық қор құрылды. Бұл “ҚазГерМұнайдың” ардагерлер ұйымының қоры болып табылады. Өзірге оның құрамында 50-ге жуық адам бар. Кәсіпорынның көмегі арқасында олардың барлығы медициналық сақтандырумен, мемлекеттік мерекелер кезінде, мерейтой күндерінде сыйақымен, санаториялық-курорттық емдермен қамтамасыз етілген. Бұған қосымша айтары-

арасындағы газ құбырының ұзындығы 32 шақырым. Кеніште мұнаймен және газбен бірге су өндіріледі, дұрысы жер қыртысынан мұнаймен бірге шығады. Жылына осы тәсілмен өндіру көлемі артты. Мұнай дайындау қондырғысында мұнай мен газ екі сатылы сепараторлар арқылы өтеді. Оларда су көмір сутегінен ажыратылып арнайы ыдыстарға құйылады, артынша алынған жеріне қайта айдалады.

орайда біршама байсалдылық танытады. Ол мұны қазгермұнайлықтардың жалпы Сыр өңірі халқының өркендеуіне қосқан үлесі деп бағалайды. Ол облыстық мәслихат депутаты болғанға дейін көптеген игі шараларды жүзеге асырып келген еді. Депутат болу үлкен жауапкершілік, бұл міндетті атқару үшін әріптестермен ақылдасты. Соның нәтижесінде басқа да көптеген әлеуметтік жобалар жүзеге асырылды. Мысал үшін,



мыз, ардагерлер жыл сайын Алматы, Астана қаласына, тіпті шалғай өңірлерге де қызғылықты сапарларға шығады. Қоғамдық қордан компания қаржы жөнінен сараңдық жасамайды. Ұзақ жыл “ҚазГерМұнай” компаниясында бөлім бастығы болып жемісті қызмет істеген Рәзия Қалжанова қазір осы қорға басшылық жасайды. Оның айтуынша, осы қордың арқасында ардагерлер қазірдің өзінде өздерін ұжыммен бірге жүргендей сезінеді. Өңірдегі мұнай өндіруші бірқатар компаниялар “ҚазГерМұнайдың” тәжірибесін пайдалану ниетін білдірген көрінеді. Бұл әлбетте жақсылықтың нышаны.

Компания өзінің әлеуметтік инновацияға толы ізгілікті істерімен мақтана алады. Ал мұндай жобалар салыстырмалы түрде алғанда Қазақстанда көп жағдайда тұңғыш рет жүзеге асырылып отыр. Айталық компания қайсыбір жылдары “Нұралы” кенішінде мұнай дайындайтын қондырғыны іске қосты. Бұл қондырғының техникалық жағынан артықшылығын байқаған көптеген осы саладағы өндіріс ошақтары өздерінде енгізе бастады. Себебі, бұл қондырғыдан мұнайдың ілеспе газын алуға болатын еді.

Жалпы өндірістегі жанажылдық бастамалардың кереметтігін сезіну үшін оны жан-тәнімен түсіне білуің қажет. Бұл орайда әлбетте біздің өңірдегі жана кеніштерде игеру барысындағы жұмыстарды атап өтуге болады. Қалыптасқан дәстүр бойынша алдымен барлау жүргізіледі, одан кейін уақытша схема бойынша пайдалану кезеңі басталады. Қысқасы, мұнай әрбір ұңғымадан автомашина арқылы дайындау орнына жеткізіледі. Ал ілеспе газ тәжірибелік пайдалану кезінде әдетте алау болып жанады немесе мұнайды жылыту үшін арнайы пештерде пайдаланылады. Нақ осы уақытта мұнай кәсіпшілігі қоршаған ортаға едәуір қысым жасайды. Алау болып жанған ілеспе газдан меңіреу далада көптеген уақытша жолдар, сулар пайда болады. Мұндай келенсіз факторлардың тізімін көптеп келтіруге болады. Екінші кезекте кәсіпшілікаралық мұнай құбырларының құрылысы басталады. Бірнеше ұңғымалар бірігіп бір құбырға құйылады, осыдан кейін мұнайды өңдеу қондырғысына жөнелтіледі. Осылайша технологиялық процестер тізбектеліп кете береді, кете береді... Егер жай тілмен айтсақ, осыншама ауқымды экологиялық жағынан барынша таза мұнайды құбырларда жылытудың тәсілі бұрын Қазақстанда өндіріске енгізілген емес. Кәсіпшілікте қолданылып жатқан инновациялық әдістер елімізде тұңғыш рет жүзеге асты. Нұралы кеніші бойынша мердігерлік жұмыстардың көлемі 10 млрд теңгенің шамасын құрайды. Мұнай дайындау қондырғысының жобалық қуаты жылына 640 мың тонна мұнай және 91 млн текше метр газ өндеуге жетеді.

Мұнайдан бөлініп алынған ілеспе газ құбыр арқылы «Ақшабұлақ» кенішіндегі газ өндеу қондырғысына жеткізіледі. Кеніш

Өткен жылы «Ақшабұлақ» кеніші іске қосылғанда біз бірқатар мәселелердің өмірге келуіне журналистік пайымдауларымызбен “Тұңғыш рет” деген анықтама берген едік. Бәлкім, оқушы қауым мұны аңғармауы мүмкін, ал шынығында тап осылай болғанын бүгін атап өтуімізге тура келеді. Кеніштерде ұңғымалардың сулануы 2012 жылдан басталған еді. Алаңдатарлық хабарлар түскен соң «ҚазГерМұнайдың» биологиялық қызметі геофизикалық, гидродинамикалық және басқа да зерттеулер жүргізді. Қалыптасқан жағдайдың себебін айқындады. Қалыптасқан проблемаларды анықтау және оларды шешу үшін “ҚазГерМұнайдың” геологиялық қызметі шетел компанияларының технологиялары мен тәжірибелерін пайдаланды. Бұл проблемаларды шешу мақсатында “Алстрон” компаниясының француздың СНФ компаниясымен бірлескен көп жылғы тәжірибесі пайдаланылды. Екі компанияның тәжірибесін пайдалану нәтижесінде ең жоғары деңгейде ғылыми жұмыстарды пайдалану мүмкіндігі туды.

Бүгінде “ҚазГерМұнай” компаниясының бас директоры, басқарма төрағасы Жэнь Лисинь, оның бірінші орынбасары, басқарма мүшесі қызылордалықтарға жақсы таныс Медет Кәрім мырза Сыр елінің әлеуметтік мақсаттағы бағдарламаларына ұдайы қолдау көрсетіп, жанажырлық танытып келеді. Мұз айдыны салынып, кәдімгі үлкен сарайға айналған ғимарат бүгінде біздің қала емес қонақтардың мақтанышына айналды. Бұл жерде конькимен мәнерлеп сырғанаушылар жаттығу өткізеді, хоккей секциясы ашылды, кешкілік барлық тілек білдірушілер конькимен серуендейді. Бұл жобаны жүзеге асыруға депутат ретінде Медет Кәрім сүбелі үлес қосты. Тікелей оның басшылығымен компания нысаны құрылысына 440 млн теңгені Қызылорда облысының “Игілік” қорындағы аймақтың дамуы үшін кәсіпкерлердің әлеуметтік жауапкершілігін арттыру қоры арқылы аударды. Жалпы алғанда, М.Кәрім мырза бұл

Қызылорда әуежайындағы VIP зал күрделі жөндеуден өткізілді. Бұл түсінікті де еді. Соңғы уақытта біздің аймаққа ұшып келетін кәсіпкерлер саны ұдайы өсе түсуде. Ал оларды лайықты қарсы алып, шығарып салу мәдениеттіліктің, өркениеттің үлгісі болып табылады. Қазір Қызылорданың Қорқыт ата әуежайы осындай талаптарға жауап береді. Сондықтан мұнайшылар мұнда өздерінің үлесі бар екенін мақтанышпен айтады. Депутаттың ықпал етуімен бөлінген 30 млн теңгенің нәтижесінде әуежайдың қызмет көрсету сервисі әлемдік талаптарға әйкестендірілді.

Көпшілікке мәлім, Қызылорда қаласының 195 жылдық мерекесі атап өтілу кезінде жоғары үлгіде өткізілген ретро-фестиваль мыңдаған қызылордалықтардың көңілінен шықты. Фестивальді ұйымдастырушылар өз идеяларын Медет Кәрімге айтқанда ол оларды толығымен қолдады. “Игілік” корпоративтік қоры арқылы ретро-фестивальді өткізуге 22 млн теңге бөлінді.

Қаладағы “Шұғыла” шағын ауданы депутаттың сайлау округі болып саналады. Көп жылдардан бері осы аудандағы ақвапарк жұмыс істемей тұрған еді. Сайлаушылар депутатына өтініш білдірді. Өтініш қанағаттандырылды. Бұл өңір балалардың сүйікті мекеніне айналды. Спорт жарыстарын өткізетін алаңдар пайда болды.

“ҚазГерМұнайдың” өзінің тұрғылықты мекенін қонағалдыру мақсатына ұдайы көңіл бөлетінін сырт көз жақсы біледі. Мұны осында келгенде көздің жауын алатын гүлзарлардан, су бұрқақтарынан, тағы басқа әсем көріністерден байқауға болады. Дәл осындай қолайлы жағдай вахталық қоныста да қолға алынған.

“ҚазГерМұнай” бүгінде осындай жетістіктерге жетіп отыр. Алдағы уақытта да жана асулардың алынатынына біз де сенімдіміз.

Дайындаған
Ж.ӘЛМАХАНҰЛЫ.



